

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

"Сарқан аудандық мәслихатының аппараты" ММ бойынша 2019 жылға бюджеттік өтінімге арналған есеп

2019 жылға бюджеттік өтінім жасаған кезде мемлекеттік мекеме әрбір шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшелігі бойынша белгіленген Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен қолданыстағы нормативтер басшылыққа алынды; Қазақстан Республикасының бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымына сәйкес.

Өткен жоспарлы кезеңнің жасалған бюджеттік өтініміне, заттай нормалар ескеріле отырып, сондай-ақ сатып алу үшін пайдаланылатын тауарлар мен қызметтердің шығындарына, тікелей қызмет көрсету процесінде пайдаланатын мәслихат бюджеттік өтінімі негізделді. Бюджеттің алдыңғы жылдардың шығындарын ескере отырып экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша есептеулер жасалған. Шығыстардың жалпы сомасы шығыстарының лимиттерінен аспайды, белгілі бір бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бюджеттік бағдарламалар әкімшілері үшін.

001 "Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер" бағдарлама бойынша шығындар сомасы 17425,0 мың теңге құрады, оның ішінде экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша :

2019 жылға 111 ерекшелігі "Еңбекақы төлеу" бойынша шығындары есептелген кезде Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы" 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 150 Жарлығымен бекітілген санаттары бойынша мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімінің 2 бөлімін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған барлық органдар үшін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекіту туралы" 2017 жылғы 16 қазандағы № 646 қбп қаулысын (бұдан әрі-№646 қбп Қаулы) басшылыққа алынып 9357,0 мың теңгені құрады

113 ерекшелігі бойынша "Өтемақы төлемдері" 1560,0 мың теңгені құрап, 17.01.2004 ж. №1284 Жарлығына және 31.12.2015 жылғы №1193 Қаулыға сәйкес есеп айырысу жүзеге асырылды.

121 ерекшеліктерінің "Әлеуметтік салық" есептеу кезінде "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық Кодексі) және 122 ерекшелігі бойынша "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 маусымдағы № 683 "Әлеуметтік аударымдарды есептеу ережесін бекіту туралы" қаулысы басшылыққа алынып 6% және 3,5% қолданып, 606,0 мың теңге және 219,0 мың теңге жалақы қорына тиісінше құрады.

123 ерекшелігі бойынша міндетті түрде азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру көлік құралдары иелерінің сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін есептеген кезде Қазақстан Республикасының 1 шілде 2003 жылғы № 446 "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" заңы басшылыққа алынды, жоспарланған сомасы 18,0 мың теңгені құрады.

124 ерекшелігі бойынша "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру төлемдері" есептеу кезінде Қазақстан Республикасының Заңына 6 қарашадағы 2015 жылғы "Міндетті медициналық сақтандыру туралы" басшылыққа алып және жалақы қорына 1,5% сомасы 104,0 мың теңге құрады.

131 ерекшелігі бойынша "Техникалық персоналдың еңбегіне ақы төлеу" техникалық персоналдың еңбек ақы қоры 588,0 мың теңгені құрады.

135 ерекшелік бойынша "Техникалық персонал бойынша жұмыс берушілердің жарналары" Қазақстан Республикасы Кодексінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 маусымдағы № 683 қаулысын "Әлеуметтік аударымдарды есептеу және аудару ережесін бекіту туралы" және "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар" бойынша Қазақстан Республикасының 16 қарашадағы 2015 жылғы "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру" Заңы басшылыққа алынып 60,0 мың теңге құрады.

136 ерекшелік бойынша "Техникалық персоналдың ел ішіндегі іссапарлары мен қызметтік жол жүрулері" 352,0 мың теңгені құрып, басшылыққа Қазақстан Республикасы Үкіметінің 22.09.2000 ж. №1428 "ҚР шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы" Ережесі алынды. Есепке ағымдағы 2019 жылға арналған бекітілген іссапарлардың жоспарлары қоса берілді.

144 ерекшелік бойынша "Отын, жанар-жағар май материалдарын сатып алу" басшылыққа Бюджеттік кодексінің 69-бабына сәйкес бекітетін табиғи тиістілік нормаларына қызметтік, кезекші және арнайы автомобильдер мен жанар-жағармай материалдары шығыстардың нормаларға сәйкес және автокөлікті күтіп ұстауға шығыстары қолданды, сомасы 480,0 мың теңге.

149 ерекшелік бойынша "Өзге де қорларды сатып алу" кеңсе тауарларын сатып алу, бланкілерді, қызметтік газеттер мен журналдарға жазылу шығыстары сомасы -366,0 мың теңге, нақты қажеттіліктерінен анықталған.

151 ерекшелік бойынша "Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу" суға шығындардың сомасы 6,0 мың теңге. Су үшін төлем қарастырылған. (тариф қоса беріледі)

Коммуналдық қызметтерге белгіленген шығындар "Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдар бойынша электр энергиясын, жылууды, ыстық және суық суды және басқа да коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтынудың нормативтері туралы" 1998 жылғы 02 қарашадағы № 1118 қаулымен шегінде нормалар бекітілген. Коммуналдық қызмет нақты қажеттіліктерінен анықталған.

152 ерекшелік бойынша "Байланыс қызметтеріне ақы төлеу" байланыс қызметтеріне 440,0 мың теңгені құрады.

159 ерекшелігі бойынша "Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу" шығыстардың мәлімдерген сомасы 2480,0 мың теңге құрады, соның ішінде: компьютерлер, принтерлерді күту, техникалық қызмет көрсету -208,0 мың теңге; Парус бағдарламасын қамтамасыз ету -374,0 мың теңге, банк қаржылық қызметтер 40,0 мың теңге, автокөлік жөндеу жұмыстары мен техникалық қызмет көрсету 982,0 мың теңге, Заң деректер базасы қызмет көрсету 96,0 мың теңге, "Мәслихат" сайтына сүйемелдеу қызметтері 350,0 мың теңге, мәслихат депутаттары мен мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру бойынша қызметтер 430,0 мың теңге.

161 ерекшелігі бойынша шығыстарды есептеу кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 22 қыркүйектегі 2000 жылғы №1428 "Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы" басшылыққа алынды, жалпы 785,0 мың теңге сомасын құрады. Есепке 2019 жылға арналған іссапар жобаларының жоспарлары қоса берілді.

169 ерекшелігі бойынша "Өзге де ағымдағы шығындар" қоршаған ортаны ластағаны үшін жүргізілген шығыстардың сомасы 4,0 мың теңге

Жетекші маман-бухгалтер



Игембаева С.Б.